

ТЕБЕГЕНОВ Темірхан Сақаұлы

*филология ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР Гуманитарлық ғылымдар Академиясының академигі,
Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты*

ҚАЗАҚ МИФОЛОГИЯСЫ – МӘҢГІЛІК ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ТАРИХИ- ТАНЫМДЫҚ НЕГІЗІ

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі салтанат құрып келе жатқан 30 жыл (1991-2021 жж.) – материалдық және рухани мәдениет салаларындағы құндылықтарды жаңаша бағалауларды туындатқан тарихи кезең. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігін айғақтайтын Мемлекеттік рәміздерімізбен (Елтаңба, Ту, Әнұран), Ұлттық валютамыз теңгемізбен, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебелі қолданысымен, жаңа Елордамыздың – астанамыз Нұр-Сұлтан қаласымен, Алаш арыстары белгілеп кеткен мемлекеттік шекараларымыздың түпкілікті бекітілуімен – Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше әлем мемлекеттері қатарында бейбіт қатар өмір сүріп келеміз.

Мемлекеттік Елтаңбамыздағы қазақ киіз үйі шаңырағының дүниенің төрт бұрышын танытатынын, оған қадалған уықтардың Күннен төгілген нұр шапақты бейнелеуінің, киелі тұлпарлардың-пырақтардың, ғарыштық аспан кеңістігінің сәулетін ғаламға таратқан салтанатты келбетін, мемлекеттік Туымыздағы аспан кеңістігінің шексіздігін нұрымен сәулелендірген Күннің және оның шапағы аясында биікке самғаған қыран қанаттарының бейнеленуі – адамзатқа ортақ ата-бабалық мифологиялық ойлаудың тағылымын дәлелдейді. Бұл – халқымыздың қазіргі Қайта Өркендеу дәуіріндегі рухани жаңғыруымыздың мифологиялық ойлау негізіндегі көркем көрсеткіштері.

Қазақтың ата-бабалық дүниетанымында мифологиялық таным жүйесіндегі көркем ойлау ерекшеліктерін қамтыған поэзиялық, прозалық, бейнелеу өнері туындыларының сюжеттерін саралап талдаған көрнекті ғалымдарымыздың

(Шоқан Уәлиханов, Әлкей Марғұлан, Әуелбек Қоңыратбаев, Сейіт Қасқабасов, Н. Мыңжанұлы, Серікбол Қондыбаев, Шәкір Ыбыраев, О. Жанайдаров, Ақеділ Тойшанұлы, т.б.) қазақ мифологиясына арналған іргелі зерттеулері отандық фольклортану, әдебиеттану, өнертану ғылымдары салаларындағы ғылыми-теориялық методологиялық бағыттарды дамыта қалыптастырды. Қазақ ғалымдарының мифологияға арналған зерттеулері шетелдік зерттеушілер еңбектеріндегі талдауларымен сабақтаса өріліп, қазақ және әлем халықтары мифтеріндегі үндестіктер мен өзгешеліктерді саралап қарастырды. Академик С.А. Қасқабасов шетелдік ғалымдардың мифологияға арналған еңбектерін (*Золотарев А.М. Родовой строй и первобытная мифология. М., 1964; Шахнович М.И. Первобытная мифология и философия. Л., 1971; Невелова С.Л. Мифология древнеиндийского эпоса. М., 1975; Вирсаладзе Е.Б. Грузинский охотничий миф и поэзия. М., 1976; Мелетински Е.М. Поэтика мифа. М., 1976; Стеблин-Каменский М.И. Миф. Л., 1976; Мифология древнего мира. М., 1977; Миф, фольклор, литература. Л., 1978; Фрейденберг О.М. Миф и литература древности М., 1978; Рифтин Б.Л. От мифа к роману. М., 1979; Путилов Б.Н. Миф, обряд, песня Новой Гвинеи. М., 1980, т.б.) саралай келе, қазақ мифтері туралы өзіндік ғылыми анықтамасын ұсынған: «Біздің қазақ фольклоры тұрғысынан қарағандағы миф деп отырғанымыз – әлемдік мифология ауқымынан шықпайтын, тіпті, типологиялық сипатымен оған сәйкес келетін дүниенің, жаратылыстың әртүрлі құбылыстарымен объектілерінің пайда болуын, аспан мен жердің жаратылуын, адамзаттың алғаш қалай пайда болғанын және аңдар мен құстардың шығу тегі мен мінез-құлқын, ерекшеліктерін түсіндіріп баяндайтын прозалық шығармалар» [1, 64-65-бб.].*

Шетсіз-шексіз ғарыш кеңістігінің, ондағы адамдардың, Жердің, Күннің, Айдың, жұлдыздардың, аңдардың, құстардың, төрт түліктің, жәндіктердің, өсімдіктердің, ағаштардың, ауаның, судың, топырақтың, таулардың және т.б. тіршілік жүйесіндегі барлық нәрселердің пайда болуына, өзара ықпалдастық жағдайындағы байланыстарын баяндайтын, суреттейтін алуан түрлі сюжеттерден құралған қазақ мифтері – біздің қазіргі Тәуелсіз Қазақстан

Республикасының қазіргі және болашақ ұрпақтарын оқыту үдерісіндегі пәндер, ғылыми-зерттеу және тәлім-тәрбиелік жұмыстар арқылы жан-жақты қанықтыра танытуымызды қамтамасыз ететін дәуірнамалық өзекті мәселе. Қазақтың мифтік сюжеттерінде ата-бабаларымыздың адамгершілік-имандылық қасиет иелері болған тарихи тұлғаларының рухтары, киелі ұлағаты бейнеленген. Сонымен бірге, мифтік сюжеттерде жауыздық, зұлымдық, озбырлық, опасыздық жасаушылардың әділ, адал адамдардан ақырында өздеріне лайықты жазаларын алатындығы да көрсетілген.

Өркениеттер тоғысуларының көп ғасырлар бойы орталық мекені болып келе жатқан қазіргі киелі Отанымыз Қазақстанның географиялық кеңістігіндегі қазақ мифологиясын құрайтын тарихи-танымдық желілер бойынша сақтардың, ғұндардың, байырға түркілердің мұрагері қазақ халқының мифтік сюжеттерін жүйелеп оқыту, зерттеу – айрықша маңызды. Әсіресе, қазақ мифологиясының зерттелуінде Шоқан Уәлихановтан басталған кешенді салалы ғылыми мифтану дәстүрін Тәуелсіздік дәуіріндегі жаңашыл, жан-жақты, терең ғылыми-танымдық жүйелеулерімен, тың тұжырымдармен байытқан, сырқаттың салдарынан төсекке тоғыз жыл бойы таңылған мүгедектігіне қарамастан жанкешті ғылыми шығармашылық еңбек етуімен 16 том (1-16 томдар, «Арыс» баспасы, 2001-2005 жж.) кітап жазған қазақтың көрнекті мифолог ғалымы Серікбол Қондыбайдың ғылыми ерлігі – қазіргі және болашақ ұрпақтар үшін мәңгілік өнеге. Мифолог С. Қондыбай сөз арқауындағы отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми тұжырымдарын жаңа деректермен, соны ғылыми тұжырымдарымен кеңейте, дамыта қарастырды. Өзіндік жаңашыл ұстанымымен қазақ мифологиясының қалыптасуы мен дамуын шартты түрде жеті кезеңге бөліп қарастырды. Қазақ мифологиясындағы сюжеттердің тақырыптық топтастырылу жүйесін жасады: *«Миф арқылы тарихты тану; Ежелгі табиғаттың Құдай-Аналары мифі; Жаратылыс аңыздары (ғаламның, жердің, аспанның) пайда болуы туралы; Аспандық мифология; Топонимикалық аңыздар; Жын-перілер (жезтырнақ, үббе, албасты, шайтан, пері) туралы мифтер; Әулиелер, қасиетті адамдар жөніндегі аңыздар; Шежірелік аңыздар (адамдар мен рулардың шығу тегі*

туралы); Бір рулы ел мен белгілі бір жануарлар тобының тотемдік атасын – бір аң ретінде бейнелену туралы мифтер; Сенім-наным мен ырымдар, этнографиялық деректерге байланысты аңыздар; Тас туралы миф; Қасиетті сандарға байланысты мифтер; Культтер мен тотемдер; Жылқы туралы миф; Ит туралы миф; Құс мифі; Металл және миф; Семсер туралы миф; Егіздер мифологиясы; Ағаш мифологиясы». Ғалым-мифолог С. Қондыбай осылайша қазақтың мифтік сюжеттерінде ғаламдық-ғарыштық кеңістіктегі барлық жанды тіршілік иелерінің, заттардың, құбылыстардың – бәрінің толық қамтылатын дүниетанымдық әлемін саралай-бағалай келе қазіргі заман ұрпақтарына бағыттаған «Мифке оралу» атты сөзінде Тәуелсіз Қазақстан Республикасының жаңа буын адамдары үшін аса өзекті ұстанымды білдірген: «... Мифке оралу – сиқырлы, қасиетті және таңғажайып ел – Жарқын Қазақ Еліне – «Мәңгі Елге» қайта оралу дегенді білдіреді.

Киелі Қазақтың Мәңгі Елі – реалды географияда емес, біздің санамыз бен түйсігімізде. Яғни, әрбір қазақтың ішінде орналасқан, әбден тұмшаланып, шаң басып, танылмай жатқан «ішкі елімізде». Міне, мифология – осындай киелі кеңістікті қайтадан танып білуге жол ашып беретін кілттердің ішіндегі негізгісі. Қазіргімізді, өздеріміздің кім екенімізді (яғни, мұсылмандығымызды) естен шығармай, өткен заманның ұмыт болған қабаттарының бетін аршып алуға, естен шыққан **РУХТЫ, КИЕНІ, ДІЛДІ, ТАНЫМДЫ** еске түсіруге мүмкіндік беретін әдіс те – осы мифология. Әрине, ол тарих, археология, лингвистика, әдебиет пен фольклортану, жаратылыстану, дін сияқты т.б. салалардың өзара тоғысқан нүктесіне орналасқан да ғана нәтиже бере алады. Мифология, миф – ойдан шығарылған қиял емес, ол – өткен заманның адамының шындығын бойына сақтап қалған ата-баба сарқыты. Ол – өткенді саналы түрде бұрмалаудың, жалғандықтың ескерткіші емес, бірнеше мәрте бүктетіліп, оралып, ақиқаты мен қатесі қатар өрілген, еріксіз шатасудың тозаңынның арасында байқалмай қалған ақиқаттың өрім қамшысы» [2, 9-10-бб.]. Демек, отандық және әлемдік ғалымдардың ғылыми-танымдық тұжырымдары және Тәуелсіз Қазақстан Республикасының мелекеттік

ұстанымдары аясында мемлекетіміздің жоғары оқу орындарының филологиялық бағыты бойынша бакалавриат, магистратура, докторантура салаларының мамандықтары бөлімдерінде «Қазақ мифологиясы» ғылыми пәнін оқытудың өзектілігін атап айтамыз. Мемлекет құрушы халқымыздың дүниетанымындағы **РУХ, КИЕ, ДІЛ, ТАНЫМ** ықпалын танытатын «Қазақ мифологиясы» пәнін оқыту аясында жаратылыстану, қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар салаларының тоғысуы, тұтасуы кеңістігін сезінген жаңа буын ұрпақтардың ұлттық және жалпыадамзаттық адамгершілік-гуманистік ұстанымдары да нығая түсері ақиқат. Бұл – қазақ өркениетінің адамзат тарихындағы мәңгілік жолына айқын бағдар беретін сенімді ұстаным.

Әдебиеттер:

1. Қасқабасов С.А. Қазақтың халық прозасы. Алматы: Ғылым, 1984. 272 б.
2. Қондыбай С. Байырғы қазақ дүниетанымының негіздері: Энциклопедиялық басылым. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2018. – 480 б.